

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
16.10.2019 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 16.10.2019 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Н. НИГМАТУЛИН.**

**ТӨРАҒА.** «Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Маратұлы Мырзағалиев мырзаға беріледі.

**МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М.** Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге Орхус конвенциясын іске асыруға бағытталған Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімдері туралы хаттаманы қарауға ұсынып отырмыз.

Осы хаттамаға қосылу мақсаты Орхус конвенциясының ережелерімен негізделген.

Ауаға шығарылатын, су мен топыраққа төгілетін қауіпті химиялық заттар мен ластағыштардың жыл сайынғы көлемдерін, өнеркәсіптік және басқа да объектілерден алынатын қалдықтар ақпаратын жинау, өндеу үшін кадастрлар немесе қоршаған ортаны ластаушылардың тіркелім жүйесін біртіндеп енгізу жөнінде шаралар қолдануға міндеттіміз.

Тіркелім ауаға, табиғатқа қай объектілер ластаушы, қауіпті химиялық заттарды шығарып жатыр және уақыты, көлемі бойынша қанша шығарылады деген сұрақтарға толық ақпарат беретін болады.

Ақпарат ретінде айта кетсем, 2018 жылы Қазақстанда ластаушы заттардың жалпы көлемі 2,5 миллион тоннаны құраған.

Қазіргі таңда халықтың экологиялық жағдайға қызығушылығының өсуіне байланысты біздің елімізде қоршаған ортаның жай-күйі туралы халықты уақтылы хабардар ету бойынша жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі «AirKZ» мобильдік қосымшасы іске қосылып, облыс әкімдіктері жұртшылықты ақпараттандыру үшін LED-экрандар орнату бойынша жұмыс жүргізуде. Осы LED-экрандарда ауаның сапасы туралы мәлімет беріліп жатыр.

Сонымен қатар аталған ақпарат біріктірілген сипатқа ие. Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі сияқты құралдардың болуы, халыққа, кәсіпорындар шығарып жатқан зиянды заттар бойынша деректерді ұсынуға мүмкіндік береді.

Осы аталған тіркелім хаттамасы 64 қызмет түрін және 86 ластаушы заттарды қамтиды.

Аталған 64 қызмет түрінің Қазақстанда 32 түрі және оған жататын 26 ластаушы заттар қамтылады, есептілік электронды емес, қағаз жүзінде ғана ұсынылады.

2017 жылдан бастап Қоршаған ортаны, ауаны ластағыштар мен залалды заттардың шығарылу және тасымалдауын тіркеуді қағаз күйінде жинап, таратуды жүргізуге республикалық бюджеттен шамамен 5 миллион теңге бөлінеді.

Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі баспа түрінде жүргізуге тыйым салмайды, алайда осы тіркелімді цифрландыру мақсатында ЮНИТАР қолдауымен 10 миллион теңгеге гранттық қаражат алынып, веб-портал әзірленді. Оны Залалды заттардың шығарылу және тасымалдау тіркелімі деректерімен толықтыру жүргізілді. Тіркелім веб-порталы тәжірибелік пайдалануға енгізілді.

Келешекте осы тіркелім порталын Бірыңғай мемлекеттік мониторинг жүйесі шеңберінде басқа да ақпараттық жүйелермен өзара интеграциялауды жоспарлап отырмыз.

Министрліктің ведомстволық ұйымымен әзірленген Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының веб-порталы келесі жылы пайдалануға беріледі.

Құрметті депутаттар! Жалпы, Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану саласында есеп беру механизмдері бар. Және де олар тіркелім іске қосылған кезде пайдаланылатын болады.

Сондай-ақ Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының тіркелімі туралы хаттаманы ратификациялау Қазақстан Республикасы тарапынан қосымша қаржылық шығындарды қажет етпейді.

Ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Жылқышиев Байділдә Жылқышыұлына беріледі.

ЖЫЛҚЫШИЕВ Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мен заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Менің Мағзұм Маратұлына анықтап алу үшін бір-екі сұрағым бар.

Қаралып отырған хаттаманың 4-бабына сәйкес әрбір тарап ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының ұлттық тіркелімін қалыптастырады және оны жүргізеді. Ол құрылымдалған және компьютерлендірілген дерекқор болып табылады. Біздің қолданыстағы

Экологиялық кодекстің 160-бабына сәйкес осындай тіркелім 2016 жылдан бастап жүргізіліп келеді. Бірақ ол қызмет бабында қолданылуға арналған құжат болғандықтан халықтың оған қолжетімділігі жоқ.

Бірінші. Осы аталған тіркелімнің жай-күйі, толықтырылып отыруы және жұртшылыққа қолжетімділігі қалай?

Екінші. Хаттаманың кіріспесінде ұлттық тіркелімдердің халықаралық деңгейде салыстырмалы болуы керек екені айтылған. Осыған сәйкес біздің қазақстандық тіркелім басқа мемлекеттермен салыстырғанда каншалықты салыстыруға болады деп ойлайсыз? Осы жөнінде айтып берсеңіз. Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Сұрағыңызға көп рақмет.

Біріншіден, 2016 жылдан бері осы жұмыс істелуде. 2016 жылы осы ақпараттарды беретін кәсіпорындардың саны 50 болса, 2017 жылы 700-ге жуық, былтыр 926 кәсіпорын тиісті қажетті ақпаратты енгізген болатын. Алайда осы ақпарат қазіргі таңда қағаз жүзінде ғана беріледі. Веб-портал қазір пилоттық режимде жұмыс жасауда. Ол толық іске қосылғаннан кейін 2 мың 200 бірінші категориядағы кәсіпорынның ақпаратын енгіземіз және халықтың осы ақпаратқа қолжетімділігі толық болады. Ең басты принцип – ақпаратқа қолжетімділік.

Екінші сұрақ бойынша. Халықаралық деңгейде бір-біріне сай ма, жоқ па деп сұрадыңыз. Иә, бір-біріне сай. Мысалы, Еуропа елдерінде экономиканың 64 саласы көрсетілген, сонымен қатар 86 ластауыш. Ал біздің экономикамыздың ерекшелігін қарайтын болсақ, біздің экономикамыздың 32 саласы кіреді және де ластауыштардың саны 26 болып отыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Қожахметов Арман Төлешұлына беріледі.

ҚОЖАХМЕТОВ А.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Я поддерживаю данный законопроект и предлагаю коллегам также проголосовать в пользу его одобрения.

Уважаемый Магзум Маратович, в то же время у меня есть один вопрос уточняющего характера.

Мы знаем, что в настоящее время Правительством разрабатывается новый Экологический кодекс. Как Вы отметили, рассматриваемый сегодня протокол содержит ряд новых положений, принимаемых Казахстаном в качестве международных обязательств, в частности, это требование по введению национального регистра выбросов и переноса загрязнителей, обязанности сторон по формированию отчетности, доступ общественности к соответствующей информации.

Согласно статье 3 протокола каждая из подписавших сторон принимает соответствующие меры по законодательному оформлению принимаемых обязательств.

В этой связи у меня вопрос: скажите, пожалуйста, разрабатываемый вами Экологический кодекс учитывает данные положения, как они отражены в этом новом документе? Спасибо.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

Да, действительно, все это мы учитываем в новом Экологическом кодексе. Основной пробел, который сегодня существует, – это обязательность предоставления соответствующей информации. Как я уже сказал, порядка 2200 предприятий должны сдавать соответствующую информацию (это предприятия первой категории, которые подпадают под Протокол о РВПЗ), однако в связи с тем, что нет обязательной нормы, сегодня передача информации осуществляется в добровольном порядке. Например, по итогам 2018 года отчитались 926 предприятий.

Поэтому в Экологический кодекс в первую очередь будет включена норма (и она уже сидит в драфте) о том, что предприятия будут обязаны предоставлять соответствующую информацию на ежегодной основе.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Махамбетов Мансұрхан Махамбетұлына беріледі.  
МАХАМБЕТОВ М.М. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Хаттаманың 2-бабы 9-тармағы арқылы «диффузиялық көздер» деген жаңа ұғым енгізіліп отыр. Оған көптеген ұсақ және шашыраңқы көздер жататын болады. Дегенмен осы аталған көздерден шығатын ластауыш заттар жерге, суға немесе ауаға тасталуы және олардың барлық жиынтығы қоршаған орта мен адам денсаулығына елеулі әсерін тигізуі мүмкін. Осыған байланысты менің екі сұрағым бар.

Бірінші сұрақ. Бізде диффузиялық көздер бойынша ақпарат жинау қалай жүзеге асырылатын болады?

Екінші сұрақ. Осы хаттаманың 7-бабында диффузиялық көздерден ластауыштардың шығарындылары туралы ақпаратты жинауды елдің құзыретті органы жүзеге асырады делінген. Бұл бір немесе бірнеше уәкілетті мемлекеттік орган болуы мүмкін. Біздің елімізде қандай мемлекеттік орган осы ақпаратты жинаумен айналысады? Осы жөнінде мәлімет беріп кетсеңіз. Рақмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Сұрағыңызға рақмет. Диффузиялық көздер дегенге машиналардан шығатын ластауыштар жатады. Ол ақпаратты біз қазір «Қазгидромет» арқылы алып отырамыз. Әр облыста «Қазгидрометтің» жылжымалы лабораториялары бар. Сонда олар ауаның, топырақтың зерттеулерін жасап, өзінің қорытындыларын жариялайды.

Енді қандай мемлекеттік органның айналысатыны жөнінде. Расында да, қазір нақты бекітілген тиісті құзырлы мемлекеттік орган жоқ. Дегенмен бұл жұмысты біз Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және Ішкі істер министрлігімен бірлесіп жасайтын боламыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бижанова Гүлнар Қадіржанқызына беріледі.

БИЖАНОВА Г.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Мағзұм Маратович! Мой вопрос связан с процессом переноса загрязнителей за пределы участка. Согласно статье 7 протокола сторона берет на себя обязательства требовать от владельца или оператора объекта осуществлять перенос за пределы участка любого загрязнителя, превышающего пороговые значения.

Как известно, ряд действующих казахстанских предприятий сегодня уже превышает эти пределы пороговых значений по отходам выбросов в окружающую среду. Каким образом в их отношении будут реализованы требования протокола?

Для меня непонятно, зачастую один и тот же объект может производить несколько видов загрязнителей. Это могут быть машины, оборудование, механизмы, технологические процессы и многое другое. Как можно физически отделить источник загрязнителя, то есть объект, генерирующий загрязнитель от веществ или группы веществ-загрязнителей?

В качестве примера давайте рассмотрим источники загрязнителей предприятия «Арселор Миттал Темиртау». Ряд его объектов превышает пороговые значения, за это их штрафуют, наказывают, они выполняют природоохранные мероприятия. Каким образом будет предъявляться требование по переносу загрязнителей? Тем более мы сейчас услышали, что вы в Экологический кодекс планируете внести эти определения. На самом деле многие источники загрязнения увязаны с технологическим процессом, и их перенос возможен лишь в случае переноса объекта-загрязнителя за пределы участка. Как это будет физически происходить?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

Во-первых, есть отходы, которые мы считаем выбросами (в атмосферу) и сбросами (в воду, на землю), плюс есть какие-то отходы, которые могут храниться. Данный протокол подразумевает под собой именно открытость информации и прозрачность всех цепочек. Если, например, были сформированы какие-то медицинские или твердые минеральные отходы, то в этом случае население имеет право знать и видеть всю цепочку их переноса: вот они сформировались, после этого на какой площадке хранились, на какую площадку в дальнейшем были перевезены для утилизации.

В целом этот механизм сегодня уже есть, действует. Вопрос в протоколе, чтобы просто населению подать эту информацию.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, депутат Бижанова Гульнара Кадиржановна.

БИЖАНОВА Г.К. Спасибо, Нурлан Зайруллаевич.

Я понимаю, Магзум Маратович, что у нас в целом существует эта цепочка и мы сегодня управляем отходами. Я предложила бы, когда вы начнете работу над Экологическим кодексом, очень четко разделить. Есть и сбросы, и выбросы, и в окружающую атмосферу. Вы же дым от трубы не уловите и не перенесете куда-то? Труба отдельно, а дым отдельно – такого не бывает же. То есть здесь нужно для недропользователей, природопользователей, предприятий очень четко разделить, какие у них новые обязанности появятся. Если Вы говорите, что это уже существует, то это уже не новые обязанности, то есть вы даете определение в Экологическом кодексе, чтобы людям было понятно, иначе возникнет просто хаос, как сейчас у меня в голове возникают мысли: как можно разделить и вынести? Люди будут думать, что легче снести предприятие и построить новое за пределами участка.

Это надо отработать и понимать, не будете ли вы потом противоречить принципам протокола.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Мы этот вопрос готовы отработать и отдельно доложить Вам.

ТӨРАҒА. Вам нужно, что называется, базово разобраться. Абсолютно права депутат Бижанова. Есть отходы, а есть выбросы в окружающую среду. По отходам понятно – утилизация, сортировка, новые технологии по переработке. А когда речь идет о выбросах, источниках выбросов, источниках загрязнения, которые генерируют все это дело, физически как отделить источник загрязнения от всей технологической цепочки?

Сейчас привели пример «Арселор Миттал Темиртау». Действительно, это же огромное предприятие со всеми технологическими процессами. В таких случаях как будет идти разделение?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Нурлан Зайруллаевич, уже сегодня, когда предприятия получают ежегодное разрешение на эмиссии, на выброс, они получают не на основе конкретно предприятия, а предприятие считается по источникам выбросов. Действительно, мы изучаем технологический процесс, у него есть паспорт. Каждый источник отдельно паспортизируется, по нему получается соответствующее разрешение.

ТӨРАҒА. Хорошо, в требованиях протокола говорится о переносе загрязнителей, которые есть на этом предприятии. Вы можете представить, что такое – варить сталь? Вы один из участков, который является самым главным генерирующим, хотите вытащить за пределы. Технология не работает. Как требования протокола вы будете исполнять? Права депутат Бижанова. Если мы прописываем, тогда должны правила взаимодействия объявить от имени государства. Вот в чем главный вопрос.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Нурлан Зайруллаевич, здесь вопрос в том, что те выбросы в атмосферу (пример – «Арселор Миттал Темиртау») мы никуда не будем переносить. Если же в процессе формирования идет образование новых отходов, таких как зола, шлаки и так далее, то они идут на шламохранилище.

ТӨРАҒА. Речь идет о выбросах.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я и говорю о том, что данный документ делит выбросы и отходы. Перенос относится к отходам.

ТӨРАҒА. Это мы с Вами уже разобрали. По выбросам что будет? В протоколе вы говорите: требования протокола в части переноса загрязнителей за пределы населенного пункта, если это выбросы. Вот моделировали Вам ситуацию на одном предприятии. Какие выбросы там, Вам известно, да? Зимой белого снега не видно.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Да.

ТӨРАҒА. Что будете делать? Или тогда не прописывайте это требование, а если прописали, завтра примем этот закон и что будем делать с этим требованием?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я еще раз хочу сказать, что по «Арселор Миттал» есть выбросы и отходы, которые мы должны делить. Выбросы мы никуда не переносим, они рассеиваются в атмосфере...

ТӨРАҒА. Стоп, вот здесь остановитесь. По отходам – понятно, ничего сложного нет, утилизировали, есть новые технологии, а по выбросам Вы сегодня констатируете, что это требование невыполнимо?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Эти отходы, вернее – эти выбросы рассеиваются...

ТӨРАҒА. По отходам разобрались. О выбросах речь идет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я оговорился, извините. Эти выбросы рассеиваются. Согласно данному протоколу мы должны будем определить количество выбросов, которое было осуществлено...

ТӨРАҒА. Подождите, сейчас не об этом речь. Требование протокола по выбросам, по выносу, будет исполняться или нет? Считаю, что это очень трудно выполнить, насколько я понимаю. Вы кто по образованию?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Нефтяник, буровик.

ТӨРАҒА. Инженер, тем более нефтяник. Понимаете, что такое высокотехнологичное производство, да? Несколько этапов. Вы оттуда генерирующий этап убираете и ставите здесь требование. Требование протокола – выброс. Я у Вас спрашиваю, и депутат Бижанова спрашивает, если мы принимаем данную норму, то завтра как это будет применяться на практике? Ведь технологическая цепочка невозможна без одного звена, а вы прописываете требование протокола в части выноса генерирующего загрязнителя выбросов. Пожалуйста, поясните.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Требование по выносу отдельных источников не предполагается. Мы говорим только о том, что все вопросы, которые осуществляются предприятиями, должны мониториться, информация по ним должна передаваться в открытом доступе на соответствующий веб-сайт.

ТӨРАҒА. Депутат Бижанова, пожалуйста.

БИЖАНОВА Г.Қ. Спасибо.

Извините, что без конца отвлекаю, но просто уважаемый министр нас не понимает. Речь идет о выбросах и тех определениях, которые содержит протокол. Если посмотреть статью 2 «Определения», то «перенос за пределы участка означает перемещение за пределы объекта загрязнителей или отходов, предназначенных для удаления или рекуперации...».

ТӨРАҒА. Спасибо. И как же Вы говорите, что нет? Статья 2 протокола.

БИЖАНОВА Г.Қ. И в Экологическом кодексе надо четко разделить требования. Вот что мы хотим до Вас донести.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я сказал, что по Экологическому кодексу мы готовы отработать.

Вот я открыл протокол. Вы сказали, что статья 2? Извините, можете повторить, если несложно?

БИЖАНОВА Г.Қ. Статья 2.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. «Перенос за пределы участка означает перемещение за пределы объекта загрязнителей или отходов, предназначенных для удаления или рекуперации, и загрязнителей, содержащихся в сточных водах, предназначенных для очистки».

ТӨРАҒА. Видите? Есть же требование. Вот в чем вопрос.

Магзум Маратович, я хочу, чтобы Вы сами наконец разобрались в этом законопроекте. Почитайте его! Откройте, пожалуйста, страницу 92 законопроекта. Написано «осуществление переноса за пределы участка любого загрязнителя...». Видите?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Да.

ТӨРАҒА. А Вы говорите, что нет этой нормы в протоколе. Вынужден брать и показывать Вам, что эта норма есть. В связи с этим вопрос. Вы разберитесь, если мы прописываем эту норму, я, в принципе, не возражаю, и депутаты Вас поддерживают в этом, но тогда должен быть четкий ответ для всех, кто имеет такие производства, что будем делать с тем участком, который генерирует эти выбросы? Здесь прописано нужно или в Экологическом кодексе нужно прописать.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. В Экологическом кодексе мы приведем в соответствие с РВЗП.

ТӨРАҒА. Магзум Маратович, приведите в соответствие и изучите, а то Вы стоите на высокой трибуне и говорите: эта норма не предусматривается. Вам сейчас открывают и показывают как школьнику, что эта норма прописана. Вы начинаете говорить: да, она прописана, мы ее в Экологическом кодексе.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Нурлан Зайруллаевич, мы отработаем это потом в Экологическом кодексе.

ЗАЛДА КҮЛКІ.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Я не буду уже спорить.

ТӨРАҒА. У Вас сегодня день не зря прошел: пришли в Парламент и увидели то, что написано в законопроекте. Основополагающая вещь.

Уважаемый Магзум Маратович, Вы должны понимать, еще раз Вам говорю, когда будет принят закон, он будет главным документом для деятельности всех промышленных высокотехнологичных и многотехнологичных предприятий. Все акционеры, руководители должны будут знать правила игры. Понимаете? Если мы с вами прописываем такую жесткую норму, как вынос, тогда должны объявить параметры, не знаю, еще что-то. Вы сейчас говорите: нет, выноса не будет, будет только мониторинг. Потом Вам показывают страницу, и Вы говорите: да, оказывается, вынос есть, мы изучим и внесем в Экологический кодекс.

Надо четко определять до буквы закона, имеющего прямое действие для всех, кто завтра будет им пользоваться. Согласны?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Согласен, да.

ТӨРАҒА. Вот и действуйте так. Столько времени потеряли, пока Вам объяснили основы того, что Вы принесли сюда как законопроект.

Сөз депутат Тілеухан Бекболат Қанайұлына беріледі.



ТІЛЕУХАН Б.Қ. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

Қадірлі Мағзұм мырза! Хаттамаға сәйкес ластауыштардың шығарындылары туралы ақпарат беру ең алдымен шаруашылық жүргізуші субъектілерді қозғайды. Хаттамаға сәйкес энергетика, химия, ағаш өңдеу, металл өндіру және өңдеу жөніндегі және өзге де бірқатар қызмет түрлеріндегі кәсіпорындар (барлығы 64) жыл сайын құзыретті органға 86 ингредиент бойынша ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары туралы ақпаратты ұсынуға міндетті (хаттаманың 7-бабы 2-тармағы). Бүгінгі таңда ол есептілік тек 24 ингредиент бойынша ғана беріледі. Осыған байланысты сұрағым бар.

Хаттама ратификацияланғаннан кейін кәсіпорындарда ластауыштардың шығарындыларын есепке алу үшін қосымша өлшейтін датчиктер, құрал-аспаптар керек болады. Осыған байланысты не дейсіз?

Кәсіпорындар есептік ақпаратты бес жыл бойы сақтауға міндетті болады. Аталған хаттаманы ратификациялау есептілік ұсыну бойынша кәсіпорындарға қосымша жүктеме бере ме? Соны айтып беріңізші.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Ешқандай қосымша датчиктер орнатудың қажеті болмайды. Біздің экономиканың ерекшелігін ескерсек, онда 32 сала мен 26 ластауыш заттар қалады, қосымша ешқандай датчиктер, құрал-аспаптардың қажеті жоқ.

Екінші сұрақ бойынша. Ақпаратты бес жылға сақтау керек деп кәсіпорындарға қосымша жүктеме қойылмайды. Неге десеніз, заңнамаға сәйкес кәсіпорындар тиісті ақпаратты тұрақты түрде сақтауы керек. Сондықтан бұл ақпарат оларда бар және тұрақты сақталуда. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Суслов Александр Васильевичке беріледі.

СУСЛОВ А.В. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Мағзұм Маратович! Рассматриваемый протокол является одним из механизмов реализации Орхусской конвенции по обеспечению доступа общественности к экологической информации, участию в процессе принятия решений и правосудия.

Статьей 16 протокола предусматривается совместное использование информации в отношении выбросов и переноса загрязнителей в приграничных районах. Вместе с тем из соседних, граничащих с нами стран только Азербайджан, Кыргызстан и Туркменистан ратифицировали Орхусскую конвенцию, а такие страны, как Россия, Узбекистан, Китай, данную конвенцию не ратифицировали.

Кроме того, ни одно из приграничных государств не присоединилось к данному протоколу.

Таким образом, в рамках рассматриваемого протокола совместное использование информации с вышеперечисленными приграничными государствами является нерегулируемым, поскольку для них норма протокола не является обязательным условием.

В связи с этим у меня такой вопрос: на основании каких нормативных актов будет осуществляться взаимное сотрудничество в области использования информации о выбросах и переносе загрязнителей? Спасибо.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

Действительно, если взять страны СНГ, то только два государства на сегодняшний день присоединились к данному протоколу – Украина и Молдова. В Центральной Азии мы будем первыми.

Дело в том, что обмен информацией с нашими соседями осуществляется в двустороннем порядке, подписаны соответствующие соглашения с ближайшими соседями.

Что касается соседей по каспийскому региону, то с ними обмен соответствующей информацией идет в пятистороннем формате. Работа ведется. Естественно, как только страны будут присоединяться, взаимодействие будет переходить в дополнительный формат. Спасибо.

ТӨРАҒА. Был такой вопрос: на основании каких нормативных актов будет осуществляться взаимное сотрудничество, пока в данных странах не ратифицирован протокол?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. У нас есть соответствующие межгосударственные и межправительственные соглашения практически со всеми странами, и мы в рамках этих документов уже ведем обмен информацией.

ТӨРАҒА. То есть с государствами, которые не ратифицировали, у нас есть двусторонние соглашения?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Однозначно.

ТӨРАҒА. Ясно.

Заместитель Министра иностранных дел Ермек Беделбаевич Кошербаев, есть что добавить? Есть такая практика?

КӨШЕРБАЕВ Е.Б. Такая практика есть, но мы ожидаем, что данный документ будет в любом случае ратифицирован странами-участницами, поскольку этот протокол является первым обязательным юридическим документом, к которому необходимо присоединиться. На фоне того, что сегодня творится в мире, экологические тренды начинают превалировать. В любом случае хотят или не хотят эти государства, но в рамках своих обязательств в ООН рано или поздно они присоединятся. Просто могут быть определенные лобби каких-то стран и так далее, также зависит и от того, какая ситуация складывается внутри этих стран, но они обязательно присоединятся.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Теміржанов Мұрат Баритұлына беріледі.

ТЕМІРЖАНОВ М.Б. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Уважаемый Магзум Маратович! Уважаемые коллеги! Ежеквартально мы с вами выезжаем в регионы и встречаемся с нашими избирателями. На этих встречах население систематически жалуется нам на высокий уровень загрязнения воздуха, воды и почвы. При этом отсутствие достоверной информации порождает слухи и вызывает беспокойность людей. В

социальных сетях идут информационные вбросы. Временами даже возникает определенная социальная напряженность.

В таких условиях доступ населения к экологической информации и возможность участвовать в обсуждении принимаемых природоохранных решений приобретают особую значимость.

Протоколом предусматривается проведение целенаправленной работы по информированию общественности о создаваемом регистре выбросов.

Более того, каждая сторона обязана обеспечить участие населения в создании и совершенствовании такого регистра (статья 13 данного протокола).

В связи с этим у меня следующие вопросы.

1. Расскажите подробнее о принимаемых мерах по информированию населения о регистре и возможностях его использования, чтобы население имело оперативную и достоверную информацию.

2. Поясните, пожалуйста, каким образом само население будет вовлечено в процесс совершенствования данного регистра? Ракмет.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

По первой части. Данная работа проводится уже на протяжении трех лет. В областных центрах нашей страны действует 14 орхусских центров. При поддержке данных центров было проведено 12 различных семинаров, круглых столов. Порядка 500 человек уже были обучены.

Я уже в начале своего выступления сказал, что было разработано буквально год назад мобильное приложение «AirKZ», которое также по некоторым областным центрам дает нашему населению информацию в онлайн-режиме. Доступ сегодня есть. Естественно, будет необходимо вовлекать как можно больше населения в данный процесс для повышения информированности. Действующими орхусскими центрами был разработан двухлетний план на 2020 – 2021 годы по информированию населения.

Что касается Вашего второго вопроса, как население может принять участие, например, в доработке регистра. Во-первых, у нас есть общественный совет. Во-вторых, через те же орхусские центры у нас налажена обратная связь.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Сөз депутат Имашева Снежанна Валерьевнаға беріледі.

ИМАШЕВА С.В. Ракмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Мағзұм Маратұлы! Хаттаманың 15-бабында жұртшылықтың экологиялық ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету бойынша хаттамаға қатысушылардың міндеттері жазылған.

Сіз жаңа ғана жұртшылықты шығарындылар мен ластауыштардың тіркелімі туралы қалай хабардар ететініңізді айттыңыз.

Сонымен қатар осы бапта жұртшылықтың тіркелімге қол жеткізуіне тараптар көмек беретіні айтылған. Осыған байланысты сұрағым бар.

Бұл қандай көмек туралы айтылған және осы көмек қалай көрсетіледі?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Халыққа тиісті ақпарат беру үшін ең алдымен Орхус орталықтарымен біз кері байланыс құруымыз керек. Сондықтан бізге

келетін ұсыныс міндетті түрде назарға алынады және біз осы жұмысты атқарамыз.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Шишигина Ольга Васильевнаға беріледі.

ШИШИГИНА О.В. Спасибо.

Казахстан присоединился к Орхусской конвенции еще в 2000 году. Скажите, пожалуйста, какая работа проводится Вашим министерством в части информирования и реализации норм данной конвенции?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Спасибо за вопрос.

Орхусская конвенция – это вопрос открытости, права населения на получение достоверной и правильной информации.

Присоединение сегодня к этому Протоколу о РВЗП как раз таки идет логическим продолжением по данному вопросу. На самом деле сегодня население достаточно активно участвует во всех экологических вопросах. Мы видим, что увеличивается количество запросов.

В первую очередь мы рассчитываем на помощь орхусских центров, экологических активистов и волонтеров.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтыкожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Рақмет, Нұрлан Зайроллаұлы.

В старом Экологическом кодексе предусматривались отдельные определения сточных вод и жидких отходов. При этом по своему определению сточные воды должны были направляться на искусственные и естественные водоемы на открытом рельефе местности. Эмиссии от загрязнений от сточных вод и жидких отходов отличались в 1000 раз.

В середине 2010 года было внесено изменение, в результате которого объединили сточные воды и жидкие отходы. Понимаете, о чем разговор и кто выиграл от этого. Мы с вами как нефтяники прекрасно понимаем, что такое сточные воды и жидкие отходы. В результате, в моем понятии, сильно пострадала экология.

У меня такой вопрос: будет ли рассматриваться этот вопрос при подготовке нового Экологического кодекса? Поскольку мы сегодня рассматриваем создание базы данных или реестра опасных химических веществ, поступающих от источников загрязнений в окружающую среду, сточные воды и жидкие отходы не должны вместе рассматриваться. Как Вы считаете?

В моем понятии это была грубейшая ошибка. Я этот вопрос много раз поднимал на всех уровнях и по сей день поднимаю. Сточные воды сильно отличаются от жидких отходов.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Бақтыкожа Салахатдинович, такая проблема есть. Мы прорабатывали ее и с ассоциацией «KAZENERGY». В новом кодексе мы будем менять данную норму.

На сегодняшний день есть даже такая проблема, что большие объемы воды закачиваются в пласт и необходимо приводить закачиваемую воду в

пласт до санитарных норм, хотя насколько есть в этом необходимость – это открытый вопрос.

Поэтому в новом Экологическом кодексе данные нормы будут доработаны.

ТӨРАҒА. Это касается не только нефтегазового, но и угольного сектора, когда речь идет об угле и метане. Поэтому давно назрела необходимость отрегулировать в Экологическом кодексе и по закачке воды, и по брошенным скважинам. Все это нам нужно, Мағзұм Маратович, не забыть, четко и системно включить в Экологический кодекс. Работа над ним уже началась. Так же?

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Да.

ТӨРАҒА. Хорошо.

МЫРЗАҒАЛИЕВ М.М. Есть.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарымыз аяқталды.

Мағзұм Маратұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді, құрметті әріптестер, қосымша баяндама жасау үшін сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Унжакова Ирина Сергеевнаға беріледі.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемые коллеги! Статья 31 Конституции Республики Казахстан гласит: «Государство ставит своей целью охрану окружающей среды, благоприятной для жизни и здоровья человека», а в статье 33 закреплено право граждан Республики Казахстан на непосредственное участие в управлении делами государства.

5 октября 2018 года в Послании «Рост благосостояния казахстанцев: повышение доходов и качества жизни» Елбасы поставил задачу по внедрению в производство экологических стандартов.

Совершенно очевидно, что прозрачные методы отчетности по выбросам и загрязнителям являются важным условием как для соблюдения конституционных прав граждан на участие в охране окружающей среды, так и для выполнения поручения Лидера нашей партии.

Мировая практика развития и применения подотчетности по РВПЗ достаточно разнообразна и насчитывает более 50 лет.

Например, в странах Европейского союза она начала применяться уже в 70-е годы прошлого столетия и включает в себя 50 опасных химических веществ и парниковые газы.

В Соединенных Штатах Америки Реестр токсичных выбросов был создан лишь в конце 80-х годов – после одной из крупнейших экологических катастроф, произошедшей в результате токсичных выбросов компании «Union Carbide» и унесшей жизни нескольких тысяч человек. Сейчас он включает в себя более 650 токсичных веществ, но не учитывает, например, парниковые газы, диффузные источники и так далее.

Как сегодня отмечалось, Казахстан имеет Государственный регистр по 24 опасным ингредиентам, но после ратификации Протокола о РВПЗ страны-

участницы, в том числе и мы, будем обязаны работать над достижением сопоставимости данных национальных регистров на международном уровне.

Ни для кого не секрет, и сегодня заместитель Министра иностранных дел обратил наше внимание, что проблемы доступа к полной и достоверной экологической информации давно уже приобрели глобальный характер и значение.

В связи с этим протоколом предусматривается обязательство по размещению данных национальных регистров в круглосуточном режиме в виде понятного и простого в использовании документа. И это правильно! Ведь его пользователями должны быть не только органы власти, деловое, научное или экспертное сообщества, но в первую очередь те, кто живет, учится и работает рядом с объектами выбросов или переноса, захоронения и утилизации загрязнителей.

В статье 2 протокола дается понятие загрязнителей (кадмий, мышьяк, содержащиеся в отходах), которые во время переноса будут утилизироваться предприятиями, занимающимися переработкой, или хорониться на определенных объектах.

Мы все должны быть заинтересованы в открытых и достоверных данных, которые позволят людям своевременно обращать внимание органов власти, контроля и надзора на завышенные показатели по тем или иным ингредиентам реестра. То есть они создадут возможности для более аргументированного участия людей в совершенствовании регистра через общественные слушания по ОВОС, консультации и экспертизу для местных и республиканских совещательно-консультативных органов, а также через подготовку предложений для представительной и законодательной власти.

Таким образом, с одной стороны, ратификация Протокола о выбросах и переносе загрязнителей создаст законодательные основы для обязательной отчетности по РВПЗ, как отмечал сейчас министр в своем докладе, более чем для 2000 предприятий, а также для внедрения экологических стандартов и выполнения поручений Елбасы. А с другой стороны, активизирует и консолидирует наше общество в практической реализации своих конституционных прав на доступ граждан к информации, правосудию и участию в решении вопросов окружающей среды.

В связи с этим на заседании рабочей группы мы сочли возможным ратифицировать протокол.

Всеми комитетами Мажилиса даны положительные заключения.

На основании вышеизложенного Комитет по вопросам экологии и природопользованию предлагает одобрить законопроект и направить его на рассмотрение в Сенат.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо, Ирина Сергеевна.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Мен бүгінгі қаралып отырған заң жобасын қолдаймын.

Заң жобасы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету, жұртшылықтың шешімдер қабылдауға қатысуы және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша сот төрелігіне қол жеткізу жөніндегі Орхус конвенциясы бойынша Қазақстанның міндеттемелерді орындауы тұрғысынан маңызды әрі қажетті болып табылады.

Сонымен бірге хаттама ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары саласындағы бірінші халықаралық заңдық құжат болып табылатынына сіздердің назарларыңызды аударғым келеді және оны орындау ұсынымдық сипатта емес, міндетті.

Сондықтан уәкілетті орган ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдары жөніндегі есептіліктің қазіргі жағдайы мәселелерімен қатар, хаттаманы ратификациялағаннан кейін оны практикалық жетілдіру перспективаларын да ерекше бақылауды ұстауға тиіс.

Атап айтқанда, қазір қызмет бабында пайдаланылатын құжат болып табылатын Ластауыштардың шығарындылары мен тасымалдарының мемлекеттік тіркеліміндегі деректерге халықтың ашық және еркін қол жеткізуін қамтамасыз ету қажет.

Сонымен қатар мүдделі жұртшылықтың халыққа қызмет көрсету орталықтарына сұрау салу арқылы экологиялық ақпарат беру жөніндегі тегін мемлекеттік қызмет туралы хабардар болып отыруына уәкілетті органның назарын аударған жөн. Ресми деректер бойынша 2018 жылы мұндай сұрау салу небәрі 8, ал 2019 жылы 19 болған.

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі проактивті режимде азаматтарды хабардар ету тетігін ғана емес, кері байланысты және олардың тіркелімді пайдалануға ғана емес, оны жетілдіруге де қатысуын қолдау тетіктерін құрғаны жөн.

Өйткені депутаттардың сұрақтарында, айтып өтілгендей, есепті қызмет түрлерінің саны ғана емес, есепті ингредиенттердің де саны артатын болады.

Және біз осы тұрғыдан министрлік салалық қоғамдық бірлестіктермен аталған мәселе бойынша бірқатар консультация жүргізгенін ризашылықпен атап өтеміз.

Тіркелімді енгізу ашықтық дәрежесін арттыруға және экологиялық ақпаратқа қол жеткізуді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қаралып отырған заң жобасының нормаларын іске асыру – Қазақстан ратификациялаған халықаралық экологиялық келісімдерге, оның ішінде Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына, Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына және климаттың өзгеруі жөніндегі басқа да келісімдерге сәйкес міндеттемелерді орындау, «жасыл» экономикаға кешу бойынша конвенцияны іске асыруға ықпал ететін болады.

Сондықтан әріптестерімді қаралып отырған заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақтықожа Салахатдинұлы.

Сөз депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Қ.С. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Бұл конвенция 1998 жылы Данияда қабылданғаны айтылды. Кейбір мемлекеттер оған қосыла алмайтындығын кезінде, мүмкін, дұрыс мойындаған шығар. Мысалы, Қытайда 2008 жылы олимпиадалық ойындар болып, экологиялық тазалықтың бір ширегін сол кезде жасады, ал 1998 жылғы жағдай мүлде төмен болатын. Қытайдың экологиясы өте төмен өңірлерінде сол шығарындыларға, әртүрлі қоқыс технологияларына басымды екпін беріліп отыр, бүкіл халық болып жұмылып жұмыс жасап жатыр.

Біз ұлттық сана қалыптастырудан бастауымыз керек. Қазір жаңа Экологиялық кодекс жасалып жатқанын министр мырза да айтты, оны өздеріңіз де білесіздер. Президент жанындағы Адам құқығы жөніндегі комиссия мүшелерінің ұсынысымен біз сол кодекс жобасы Парламентке келгенге дейін комиссияның кеңесінде талқылауды жоспарладық. Әрине, оған министрлік қызметкерлері де қатысады деп ойлаймыз. Жаңа айтылған мәселелер, техникалық шаруашылық, технология, әрине, жасалады. Біз бүкіл халықтың санасын Еуропадағыдай өзгертпесек, бізде бұл проблема әрі қарай басып жата береді. Данияда бұл неге қабылданды? Өйткені Данияның көшесі қыздың жиған жүгіндей тап-таза. Оларда экологиялық проблема жоқ деуге де болады. Скандинавия мемлекеттеріне өздеріңіз барғанда көріп жүрсіздер, не деген тазалық, не деген ерекше ыждағаттық.

Ал біздің бұқаралық ақпарат құралдарында не насихатталады? Кинолардан жастардың ұйқысын ашар-ашпастан төсегінде жатып кофе ішкенді әуес көретінін көресің. Соны өздері бір керемет жетістік екен дейді. Керісінше, жастар төсегін, үйін, ауласын жинауы керек. Қазіргі технологияға дейін бұрын ауылдардағы тұрмыс қандай еді? Таң бозынан оянған балалар алдымен мал қорасын тазалайтын, есігінің алдын сыпыратын, содан кейін барып тіршілікке кірісетін. Әрине, біз енді соған қайтып кел деп айтпаймыз, бірақ қаладағы өмірімізді жөндейміз бе. Мына «Бәйтеректің» төңірегіне барсаңыз көресіз, біздің жастар жеп жүрген балмұздағының қорабын қалай болса солай кез келген жерге тастайды, отырған орындықтарының үстіне шашып-төгіп кетеді. Оны не себептен жасайды? Сол балалар да ауылдан келген. Кезінде біз де, аға ұрпақтар, ауылдан келгенбіз, бірақ қолымыздағы бір шырпыны көшеге тастауға ойланатынбыз, өйткені біз ауылымызды тазалап келдік. Ал енді қазір бұлар қалай болса солай қоқысты шашады, ертесіне оны тек көше тазалаушы ғана жинайды.

Біз сот әділдігі дейміз. Сот әділдігіне дейін азаматтық ұстанымды тәрбиелеуіміз керек. Сот болған жағдайға төрелік айтады. Дұрыс, мына хаттамада да көрсетілген, ол қажет, соттың әділдігі керек. Бірақ біз сол сотқа жеткізбейтін сананы тәрбиелеуіміз керек.

Нұрлан Зайроллаұлы, бұл министрлік Кеңес Одағы кезіндегі министрліктей емес, үлкен мемлекеттің министрлігі, яғни бұл министрлік



идеология жасауы керек, бұл министрлік сана тәрбиелеуі керек. Сондықтан экология бағытында негізгі идеологияның концепциясын жасайтын, жүргізетін дәл осы министрлік болуы тиіс. Бүкіл халықтың санасына ықпал ету, бүгінгі талқылап отырған хаттамаға қосыла алатындай дәрежеде болу, ауылдан бастап, көшеден бастап, үйдің алдынан бастап бүкіл қаламызды тазалау, ауыз суды тазалау, біздің басқа да экологиялық сұраныстарымызды шешу идеологиясын алдағы кодексiмiз жүргiзуi керек. Соған жақсылап дайындалуы керек. Және министрліктің қызметкерін шенеуніктік шектеу, белгілі бір лауазымды ұстау тұрғысынан гөрі, кенірек халықтың камын ойлау тұрғысынан деп қарауымыз керек деп есептеймін.

Бұл заң жобасы қажет, өйткені бұл алға сүйрейтін заң деп есептеймін.  
Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қуаныш Сұлтанұлы. Айтқан сөзіңіз бүгінгі мәселеге өте маңызды, орынды.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті – заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.



Құжаттаймен бапталмағыз ету  
Бәтін меңгерушінің орынбасары

*Б. Әбдірахманов*